

FTAMP 13.11.25

<https://doi.org/10.26577/jpcp5942025>

Х.Ж. Смағұл^{1*}, Д.Б. Жаркимбаева¹,
С.Б. Есенова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Калгари университеті, Калгари, AB T2N 1N4, Канада

*e-mail: khamza.smagul@bk.ru

МӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕР ТҰРҒЫСЫНАН ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ДЕМАЛЫС ТҮРЛЕРІ

Демалыс құбылысы – адамзаттың еңбек мәдениетінің құрамдас бөлігіне жататын көне үдеріс. Бірақ демалыстың ғылыми тұрғыдан зерттелуі әлеуметтік ғылымдардың даму кезеңінен бастау алады. Ғылыми ортада «бос уақыт машиналы өндіріс пайда болғаннан бері бар» – деген пікір бір ауыздан мақұлданған. Бұл жағдай ортағасырлық өмір салтын ығыстырған капиталистік құрылымның ықпалымен кәсіпорындардағы жұмыс күні мен демалыстың бірдей режимге келтірілуімен және «жүйелі бос уақыттың» пайда болуымен түсіндіріледі.

Ортағасырлардағы қазақ мәдениетіндегі демалысты мәдени зерттеу тұрғысынан талдау зерттеудің негізгі мақсатын анықтайды. Зерттеу нәтижесіндегі мәліметтер қазақ мәдениеті туралы еңбектердің мазмұнын өзгеше ойлармен байыта түсіп, басқаша ойлайтын зерттеушілердің назарын аударуы, қазақ дәстүрлі демалыс мәдениетінің жіктемесін, жаңа моделін жасап шығаруға ықпал етуі мүмкін.

Мақала тақырыбының жаңалығы – Қазақ дәстүрлі демалыс түрлерінің болмысына мәдени зерттеу тұрғысынан сараптама жасалуында. Жұмыста герменевтикалық сараптама, тарихи салыстыру, модельдеу әдістері қолданылды. Мақалада анықталған көне демалыс түрлерінің кейбірін жұмыстағы үзілісте, күнделікті тұрмыста ойын ойнап демалуға қажеттілік туындағанда пайдалану ұсынылады.

Түйін сөздер: еңбек, демалыс, балалар ойыны, ересектер ойыны, инициация рәсімі.

Kh.Zh. Smagul^{1*}, D.B. Zharkimbayeva¹, S.B. Yessenova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²University of Calgary, AB T2N 1N4, Canada

*e-mail: khamza.smagul@bk.ru

Kazakh traditional types of recreation in terms of cultural study

The phenomenon of leisure is an ancient process that belongs to the integral part of human labor culture. However, the scientific study of leisure dates back to the period of development of social sciences. Within the academic community, the notion that “leisure has existed since the advent of machine production” is unanimously accepted. This situation can be explained by the influence of capitalist structures that displaced the medieval way of life and led to the alignment of working hours and leisure time in enterprises, resulting in the emergence of “systematic leisure”.

Analyzing leisure in medieval Kazakh culture from the perspective of cultural anthropology defines the main objective of this research. The findings of this study may enrich the content of works on Kazakh culture with new ideas, capture the attention of researchers with alternative viewpoints, and potentially contribute to the classification and development of a new model of traditional Kazakh leisure culture.

The novelty of the article's topic lies in the examination of the essence of traditional Kazakh leisure types from the perspective of cultural anthropology. The study employs hermeneutic analysis, historical comparison, and modeling methods. Some of the ancient forms of recreation identified in the article are recommended for use in everyday life.

Keywords: work, recreation, children's game, adult game, initiation ceremony.

Х.Ж. Смағұл^{1*}, Д.Б. Жаркимбаева¹, С.Б. Есенова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Калгари, Калгари, Канада

*e-mail: khamza.smagul@bk.ru

Казахские традиционные виды отдыха с точки зрения культурных исследований

Феномен отдыха – древний процесс, являющийся составной частью культуры человека. Но исследование рекреации с научной точки зрения начинается с периода развития общественных наук. В научной среде единогласно утверждается мнение, что «свободное время существовало с момента начала машинного производства». Такая ситуация объясняется введением одинакового режима рабочего дня и отдыха на предприятиях и возникновением «систематического свободного времени» под влиянием капиталистического строя, вытеснившего средневековый образ жизни.

Анализ рекреации в казахской культуре в средние века с позиций культурных исследований определяет основную цель исследования. Данные, полученные в результате исследования, могут обогатить содержание работ по казахской культуре различными идеями, привлечь внимание исследователей, мыслящих иначе, способствовать созданию новой модели и классификации казахской традиционной культуры отдыха.

Новизна темы статьи заключается в том, что природа казахского традиционного отдыха рассматривается с точки зрения культурных исследований. В работе использовались герменевтический анализ, историческое сравнение, метод моделирования. Некоторые из выявленных в статье древних видов отдыха рекомендуется использовать в повседневной жизни.

Ключевые слова: работа, отдых, детская игра, игра взрослых, обряд инициации.

Кіріспе

«Бос уақыт» ұғымы тарих, бос уақыт әлеуметтануы, мәдениеттану, психология т.б. ғылым салаларындағы зерттеу нысаны болды. Көпшілігіміздің демалыс мәдениетін демалушының мәдени демалу (театр, библиотека, туризм) мағынасында түсінетініміз жасырын емес. Демалыс мәдениетінің кәсіби анықтамасының болмауы бұл түсінікті күрделендіре түседі. Демалыс мәдениеті бос уақыт ұғымымен тығыз, тікелей байланысты. Және әр қоғамның өмір салтына байланысты «демалыс» пен «бос уақыт» ұғымдары ерекшеленеді. Бұған қоса әртүрлі жастағы адамдардың демалыс үлгілері әртүрлі болғанын айта аламыз. Сондықтан осы ұғымдарды қатар қарастырып дәстүрлі қазақ қоғамындағы демалыс мәдениетімен қазіргі өз дәстүрлерімізді жаңғырту заманында оның қаншалықты сақталғанын зерттеу маңызды деп санаймыз.

«Адамзат тарихында қашаннан бері бос уақыт бар?» деген сұраққа «...бос уақыт алғашқы зауыт-фабрикалар ашылғанда қалыптасқан» деген жауап беріледі. Бұл 19-20 ғасырлардағы индустриалды қоғамның пайда болуымен уақытты жүйелеу және әртүрлі кәсіпорындардағы жұмысшылардың өмір салтын реттеу нәтижесінде пайда болған «жүйелі бос уақытты» білдіреді. Аптасына 5 немесе 6 күн жұмыс жасап жексенбі күні демалу, тәулік ішінде таңғы сағат 09:00-18:00

аралығында жұмыс жасап сағат 13:00-14:00 аралығында түскі үзіліске шығу, 12 айдың бірінде ақылы еңбек демалысында болу – жүйеленген уақыттың белгісі. Адамның негізгі қызметін атқарып, әлеуметтік міндеттерін орындағаннан, физиологиялық қажеттіліктерін өтегеннен қалған уақытында белгілі бір іспен шұғылдануы немесе ешнәрсе жасамауы жүйелі бос уақытты өткізуді білдіреді. Мысалы жұмыстан кейінгі уақытта немесе жексенбіде өзге де міндеттерін орындап болған соң караоке айту, велосипед айдау, жаяу серуендеу, кино залға бару, т.б. Адам жұмыс орнын ауыстырмаса, ауырмаса келесі аптада да бұл немесе өзге де іс-әрекеттер қайта орындалуы мүмкін. Ең негізгі сипаты – адам күнтізбеге қарап немесе ойлап отырып ол уақытта демалуға арнайтынын айта алады. Өркениет белгілерінің Еуропалық белгі-критерийлері тұрғысынан примитивті мәдениеттерде және көшпенділерде еңбек пен демалыстың нақты кестесін белгілеудің мүмкін болмауынан уақыттың стихиялы, еркін жұмсалуды – жүйесіз уақыт болып саналады. Табиғаттың тосын жағдайлары, шапқыншылықтар, материалдық емес дүниетаным көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан адамдардың бос уақытын нақты кестеге сәйкестендіруге мүмкіндік бермеген. Бірақ демалуға, ол уақытта білім алуына, шығармашылығын, рухын жетілдіруге бос уақыт табылған. Ол уақыт стихиялы өткен. Сондықтан «өткен ғасырлар адамдарында бос

уақыт болмаған» деген түсініктен арылуымыз керек. Жүйеленбеген бос уақыттың және оны ұйымдастырудың мағынасын ашуға тырысамыз. Өткен ғасырлардағы қазақ демалыс түрлерін мәдени зерттеу тұрғысынан сараптау, оның мағынасын ашу – мақаланың негізгі мақсаты.

Зерттеу әдістері

Бұл мақаланың әдіснамалық негізі – аналитикалық, мәтіндік, тарихи салыстыру әдістерін қолдана отырып, әр түрлі жас санаттарына арналған қазақтың дәстүрлі демалысын зерттеу. Зерттеу жұмысында сонымен қатар терең бақылау, құрылымдық талдау, модельдеу және жүйелеу әдістері де қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Демалыс – бұл бос уақытты өткізу әрекеті, яғни шұғылданымпаздылық, ал шұғылданымпаздылық ұғымы бос уақытпен пара-пар (*S. Yukic, 1970*). Адамдар уақытты күнделікті өмірге, жұмысқа, ұйқыға, әлеуметтік міндеттерді орындауға арнайды. Бос уақыт – адамның физиологиялық қажеттіліктерін өтеуден және негізгі қызметін, әлеуметтік міндеттерін орындағаннан қалған уақыт бөлігі. Сондықтан бос уақыт демалыстың алғы шарты болып саналады. Демалу үшін қандай да бір іспен шұғылдану адамның анатомиясы мен психологиясының маңызды элементіне жатады (*C. Daniels, 1995*). Recreation «қалыпқа келу» термині латын тілінен алынған, (*re* – «қайтадан», *create* – тудыру, жасау) алғаш рет ағылшын тілінде 14-ғасырдың аяғында «ауру адамды сергіту немесе емдеу» мағынасында қолданылған (*Online Etymology Dictionary*).

Жоғарыда демалыс ұғымына берілген анықтамадағы «шұғылданымпаздылық» сөзі бос уақытты бекер өткізу емес тиімді жұмсау мағынасында (шығармашылыққа не болмаса басқа рухани қажеттіліктерін өтеу үшін) пайдаланылды. Себебі демалыстың интенсивті түрде тиімсіз өтуі тұлғаның дамуына емес мәдени құлдырауына апарып соғады. Біз көшпелілердің демалыс мәдениетін зерттеу арқылы демалыс түрлерінің адамдардың өмір, еңбек сапасына оң ықпал ету мақсаты болған немесе болмағанын анықтағымыз келеді.

«Дем алу» түсінігіне жақын «тынығу» түсінігі қолданылады. Қазақша энциклопедияда «тынығу» сөзі дененің шаршаған қуаты мен жү-

мыс істеу қабілетін қалыпқа келтіру үшін қолданылатын тыныштық күйі деп түсіндіріледі. Сонымен қатар әрекетсіздік, яғни қозғалыстың болмауы демалысқа жатпайды және демалыс бірнеше кезеңнен тұрады деген ойлармен келісеміз. Олар: шаршау, босансу, энергияны қалыпқа келтіру, көңіл көтеру (Қазақстан.Ұлттық энциклопедия, 2006, 6-т). Ағылшын тіліндегі сөздікке сәйкес, демалу күш-қуатты қалпына келтіру үшін белгілі бір уақыт ішінде белсенді болуды немесе бір нәрсені істеуді тоқтатуды білдіреді. Қазақ энциклопедиясы мен ағылшын тіліндегі сөздікте демалыс ұғымы үқсас (<https://dictionary/english/rest>).

Рекреация құбылыс ретінде ерте заманнан бері бар, бірақ оның адамға әсерін ғылыми тұрғыдан зерттеу қазіргі психология, физиология және әлеуметтану ғылымдарының дамуы аясында салыстырмалы түрде XX ғасырда басталды. Бос уақытты ғылыми пән ретінде зерттеу XIX ғасырда басталып, әрқайсысы адамды өзінше зерттейтін психология, физиология, әлеуметтану ғылымдарының дамуымен байланысты болды.

Торстейн Веблен – американдық экономист және әлеуметтанушы, тұтынушылардың мінез-құлқы мен әлеуметтік тап туралы идеяларымен танымал. Ол 1899 жылы жарық көрген «Тойлаушы класс теориясы» атты еңбегі арқылы бос уақытты зерттеуге зор үлес қосты. Вебленнің бұл еңбектегі негізгі идеялары жоғары әлеуметтік таптардың әлеуметтік жағдайы мен тұтынушылық тәжірибесімен байланысты. Ол тауарлар мен қызметтерді тұтынудың әлеуметтік мәртебе мен беделді көрсетумен қалай байланысты екенін сипаттайды. Веблен «көрінетін тұтыну» және «көрсету үшін ұйымдастырылған уақыт» сияқты ұғымдарға анықтама береді, бұл адамдардың қоғамдағы мәртебесін көрсету үшін бос уақытын қалай пайдаланатынын түсінуде маңызды болды. Бос уақытты ұйымдастыру тек демалыс пен ойын-сауық құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жағдайды көрсету және саралау құралы ретінде де рөл атқара алатынын көрсетті (*T. Veblen, 1899*).

Джеффри Дюмазедье – бос уақыт әлеуметтануындағы алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол бос уақыттың төрт нақты анықтамасын ұсынды. Бірінші және кең тараған анықтама бос уақытты тіпті жұмыста да орын алуы мүмкін мінез-құлық стилі ретінде анықтайды, екіншісі оны кез келген жұмыстан тыс әрекет ретінде анықтайды; үшіншіге сәйкес, отбасылық және шаруашылық

міндеттері алынып тасталады және ең соңында, бос уақытты тар мағынада өзін-өзі жетілдіруге арналған әрекет ретінде анықтайды (Veal A, 2019). Дюмазедьенің төрт анықтамасын қазіргі зерттеушілер толықтыра түсуі мүмкін.

Маршалл Гордон бос уақытты зерттеудің формальды және тарихи-теориялық түрін ерекше атап өтті. Ресми көзқарас адамның өмірлік циклі бойынша бос уақыттың үлгілерінің өзгеруі, бос уақыт пен жұмыс арасындағы қарым-қатынас және спорт социологиясы сияқты бос уақыттың нақты формалары сияқты эмпирикалық мәселелерге бағытталған. Тарихи-теориялық көзқарас бос уақыт пен әлеуметтік өзгерістер арасындағы қатынасты, көбінесе құрылымдық-функционалдық және маркстік емес тұрғыдан қарастырады (Marshall G, 1998).

Қазіргі бос уақытты зерттеуде американдық зерттеуші Д. Шорды атауға болады. Джульет Шордың «Тым көп жұмыс істейтін американдық: бос уақыттың лезде төмендеуі» (1992), «Артық шығындалған американдық: неге бізге қажет емес нәрсені қалаймыз» (1999), «Сатып алу үшін туылған: коммерциялық бала және жаңа тұтынушылық мәдениет» (2005), «Пленитуда: Шынайы байлықтың жаңа экономикасы» (2010) және «Концерттен кейін» (2020) еңбектері бестселлерге айналды (Schor J, 1992).

Қазақ мәдениеті мен этнографиясына қатысты кешенді зерттеулер 19 ғасырдың екінші жартысында басталды. Оларды қазақ даласына түрлі мақсатпен келген көптеген кәсіби мамандық иелері жүргізді. Қазақ жеріне келген саяхатшылар туралы соңғы 8 жылда жарық көрген Н.Филдингтің еңбегі (Fielding N, 2020) және түркі-парсы танушы Джу Юп Лидің (Юп Ли, 2016) «қазақлық» өмір салтын, қазақтың ұлттық бірегейлігін, тарихын зерттеуге арналған еңбегінің құндылығы зор.

Отандық ғылымға сүйеніп ортағасырлық Қазақ хандығында көшпелі халықтың тәулік ішінде қанша сағат уақыты демалысқа арналғаны туралы нақты ешнәрсе анықтай алмаймыз. Бірақ адамның өмір ұзақтығына, жас ерекшелік атауларына байланысты қазақтың дәстүрлі еңбек мәдениеті мен өмір салтына негізделген протоқазақ демалыс түрлерінің мәнін ашуға, мәдени зерттеу тұрғысынан талдауға талпыныс жасауға болады.

Демалыс және рекреация ұғымдарына жоғарыда берілген анықтамалар демалыстың еңбек мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатынын білдіреді. Сондықтан көшпелі қазақ

қауымындағы еңбек бөлінісін және онымен тікелей байланысты адамдардың жас ерекшеліктерін анықтаудың маңызы зор. Мал шаруашылығы, аң аулау кәсіптері табиғатпен үндестікте өмір сүрген көшпенділерде тіршілік сақтаудың негізі болса да қауымдық санада материалдық құндылық ретінде шешуші рөл атқармаған. Көшіп-қонған сайын буып-түйіп жинауға ұзақ уақыт жұмсау, түйеге ауыр жүк болатын көп жиһаз, алуан түрлі материалдардан жасалған (металл, қыш т.б.) тұрмыстық заттарды тасымалдау тиімсіз болған. Төрт түлік малсыз көшпелі мал шаруашылығымен айналысудың қажеттілігі жоқ және оның профициті де капиталистік ойлау жүйесіне, отырықшы өмір салтына әкелмеген. Қауым ішінде әрбір ауылда ағаш ұстасы, аңшы, емші, өнерпаз, жауынгер (батыр), ел басқарғандар т.б. қауымдық мамандану түрлерін атқарғанымен (Сәулебай О, 2007) отырықшы қоғамдағыдай тұрақты режиммен жұмыс жасап еңбек ақы талап етпеген. Сол сияқты үй жасаушы, тігінші, тері өңдеуші, темір ұстасы, зергер, саудагер, молда, сушы, делдал, диірменші т.б. кәсіп иелері қажеттілік туындағанда ғана қызметін атқарған (Жүнісұлы А, 2001) әрі еңбекақылары ретінде күнделікті азық-түлік алған немесе өзінің қолынан келе бермейтін қызметпен айырбастаған. Тіпті Абылғазы сұлтанның кезінде қазақ даласына келген офицер Е.К. Мейендорф Әмудария, Сырдария маңындағы қазақтардың өз қажеттілігіне жететін өнім алу үшін ғана кішкентай көлемдегі жерді пайдаланғанын жазған. Сонымен қатар Хиуалықтар малын тартып алған әлсіз қазақтар ғана аштан өліп қалмау үшін балық шаруашылығымен, жер өңдеумен айналысқан. Көшпенді қазақтардың базарда сауда жасап ақша ұстағаны туралы кездеспейді (<https://silkadadv.com/en/content/i-puteshestvie-iz-orenburga-v-buharu-e-k-meyendorf-1882-god>). Сондықтан көшпелілер индустрияланған қоғамдағыдай біреуге (жұмыс берушіге) жұмыс істемеген. Әр адамның, жанұя-әулеттің мал шаруашылықта өз еркімен шаруасын жасау мүмкіндігі болғандықтан көшпенділердің «бос уақыт» өлшемі мен сапасы отырықшы қоғамның бос уақыт туралы түсінігінен ерекшеленген.

Ертедегі қазақтарда әлеуметтік жас категорияларының өзіндік нұсқасы болды. Ол кездегі жас мөлшері кең өрістегі негізгі кәсіпті, яғни мал шаруашылығын меңгеру шеберлігіне қарай қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы негізгі жас көрсеткіштерімен белгіленді. Мысалы, 15 жасқа дейінгі адамды міндетті түрде қозы жасын-

да деп атаған. Мұның себебі қазақтардың басқа көшпелілер сияқты жылқы мен қой бағуға бейім болуымен түсіндіріледі. Кең байтақ далада майда қара малды шаруаға қолайсыз ауа-райынан, табиғи апаттардан аман алып қалу, қасқырдың жемтігіне айналдырмай бүтін жеткізу өз заманына сай өте жауапты жұмыс еді. Осы жұмысты игеріп, қойды шығынға ұшыратпай баға алған 15-25 жас аралығындағы адамды қой жасында деп есептеген. Осындай қиын миссияны ойдағыдай орындай алмаған кейбір жігіттер биологиялық жасы 25 жастан асса да, қой жасы санатында қалып, өмірінің соңына дейін сол кәсіппен ғана айналысқан. Ерекше күтім мен парасаттылықты қажет ететін төрт түлік малдың бірі – жылқы малы. Жолын тауып, үйірді аман-есен әкелу міндетін ойдағыдай атқарған адам жылқы жасына көтерілген. Жылқы жасы 25-40 жас аралығы (Кенжеахметұлы С, 2015). Кейіннен 40 жастан асқандар үшін патша жасы санаты Ислам мәдениетінен енген (<https://bugin.kz/241-qozy-dgasy-qoy-dgasy-dgylqy-dgasy-patsha-dgasy-turaly-nobilemiz>). Бұл Мұхаммед с.а.с. ның пайғамбарлық қызметінің басталу жасы. Сиыр мен түйені көшпенділер сирек баққан және оның күтімін жасау әдетте қарт адамдардың жұмысы болған. Сондықтан 60 жастан асқандар түйе жас санатына жатқызылған – деп санаймыз.

Әр жастағы адамдардың, яғни балалар мен ересектердің бос уақытындағы іс-әрекеттерінің сипатына, мазмұнына байланысты қауымдық демалыс түрлері қалыптасқан. Демалыс мәдениетін жеке тұлғаның туғаннан қайтыс болғанға дейінгі өмір кезеңі барысындағы «қауымға қабылдану», «балалық шақ», «мәдени құндылықтарды, өмір сүруге қажетті дағдыларды меңгеру кезеңі», «тәжірибе жинау, қолдана бастау және оны келесі ұрпаққа жеткізу» сияқты шартты сәйкестендіру және жасқа байланысты салттар, дәстүрлер мен мерекелік ойын-сауықтар ретінде қарастыру көзделеді.

Тұсау кесу дәстүрі – әрі рәсім әрі балалар мерекесі, ересектердің де ұжымдық демалысы. Рәсімдік жағы – 9-12 айға толған жас баланы қауымға қабылдау. Бірақ қыз бен ұл баланың тұсауының кесілуі екі түрлі өткен. Тұсауы (екі аяғына байланатын ала жіп) кесілетін қыздың беліне екі қоржын байланады. Қоржындарда тұсау кесетін кісінің кәдесі және тәтті-түтті заттар болады. Тұсау кесілгелі тұрған кішкене қызды қағылездеу (епшіл, зерек) келіншек алып қашады, ал қалған әйелдер соңынан қуалайды. Келіншек ұсталған жерде кішкене қыздың тұсауы кесілген.

Тұсау кесуде пышақтың жүзі төмен қаратылған. Қыз баланы үйден алыстатып алып қашу тыста бөтен жаққа кетеді дегенмен түсіндіріледі.

Ұл баланың тұсау кесуіне келсек, әкесі немесе абыройлы ер адам баланың бір аяғына тұсаудың бір ұшын байлайды, ал тұсаудың екінші ұшы киіз үйдің маңында қағылған қазыққа маталады. Бұл ұлдың өз үйінде қалатындығын білдіреді. Бұлай байланған жіп «тұсауыңды кесейін, күрмеуіңді шешейін» – деген сөз тіркесінің шынайы өмірдегі орындалуын білдіреді және мәре ретінде қолданылады, яғни әлгі тұсауы кесілгелі жатқан баланың тойына келген жүгіріп жүрген балалардың жарысының мәресі болады. Бұл рәсім барысында кішкене бала өзге балалардың жүгіргеніне қанаттанып, жүгіруге талпынады. Қоғамда жүргенде еңсесі түспесін, басы төмен салбырамасын деген талап-тілектің ырымы ретінде тұсау кесуде пышақтың жүзі жоғары қаратылған. Ұйымдастырылуында осындай гендерлік ерекшелік болғанына қарамастан тұсау кесу балалардың спорттық сайысы әрі оны тамашалаушы адамдардың ұжымдық бір демалысы қызметін де атқарған. Ағылшындық ерлі-зайыпты саяхатшылар – Аткинсондардың ұлы Алатау-Тамшыбұлақ қазақтар арасында туылып, тұсауы кесілген, 7 жыл өмір сүрген (Fielding N, 2020).

Халық даналығындағы бала тәрбиесіндегі талап бойынша қауымның кенже мүшелері белгі бір жасқа, физиологиялық тұрғыдан еңбекке жарамды болғанға дейін барынша еркін өскен. Себебі көшпенді адамның тіршілік сақтауының өзі жеңіспен пара-пар болған. Қозы жасындағылардың, яғни балалар мен жасөспірімдердің демалысының барлық дерлік түрлері ойыннан құралған. Аталары шапанның етегіне тығылып өзімен бірге бара жатқан немере ұрпақты өтірік байқамаған болып бүкіл ауылдың үлкен кісілері жиналатын биік жерге алып бара берген. Мұнда ересектер жаңалықтармен бөліссе, аталардың қадағалауымен кішкене ұл балалар күресіп ойнаған (Жүнісұлы А, 2001). Бұл балаларды тексеру, яғни бағыштаудың (инициация) келесі кезеңін де білдіреді. Жас балалар қозылақтармен ойнап, қуалап жүріп өскен. Екі аяқты нық басып ойын баласы боп жүрген жас бала өз денесін қолдана алуға үйреніп, күресу техникаларын игереді. Қойшылар малды күзететін асыл тұқымды төбеттерді анықтау мақсатында ит таластырып, мықты аталық иттерді іріктеп, қаншықтармен шағылыстырып жаңа тұқым алып отырған. Үй күзетуге ғана жарайтын иттер, кейде асыл тұқымды құмай тазылар да балалармен

бірге қозы бағуда, ойында жүрген. Бұл мәдени құндылық «Тазының өлімі» повестінде өте тартымды суреттелген (Мағауин М., 2004). Қазақта итке мініп алуға болмайды. Бірақ ересектер кемпірқосаққа ит мініп барса түрлі әшекей заттар береді – деп балаларды сендірген. Кейде іші пысқан ауыл адамдары төбеттер таласын көріп көңіл-көтерген (Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы, 2007).

Ә. Диваевтың «Қырғыз балаларының ойындары» мақаласындағы Ташкент маңы қырғыз бозбалаларының ойындары, Қырғыз жастарының көне ойындары мақаласындағы «Қыз ойнағы», «Қыз Қашар», «Дамбал салды» ойындары антропологиялық тұрғыдан өте құнды. Молда Көбей Токполатовтың жазбаларын империялық орыс тіліне тәржімалаған бұл зерттеуші «орда», «домалақ ағаш», «тақия теппек», «шілік» ойындарын бозбала ойындарына жатқызған.

«Домалақ ағаш» ойынына ұқсас ойынды 20-ғасырда Орынбордың балалары да ойнаған және «въ мазлы» немесе «въ клюшки» – деп аталған (Диваев А., 1905) «Домалақ ағаш» ойынын элитарлық қоғамның өкілдері ойнайтын «гольфтің» прототипі деп санауға негіз бар.

Әдебиеттанушы А. Байтанұлы «Ақ сүйек» ойынында (орда) жасөспірімдердің қараңғыда бағдарлай білу, есту (дыбыс сезу), жылдамдық сияқты қабілеттері іске қосылатынын айтады. Сонымен қатар қазіргідей интернет, әлеуметтік желі, мәдени-тынығу мекемелері де пайда болмаған тарихи кезеңде жан-жақтағы ауылдардан жиналған жастардың танысу-табысу орны, әлеуметтік байланыс кеңістігі рөлін атқарғандығына назар аударған (Байтанұлы А., 2019). Бірақ үйленейін деп жүрген бозбалаға жоғарыдағы «орда», яғни ақсүйек ойынына қатысуға тиым салынып, жеңгелер тарапынан қадағаланған (Жүнісұлы А., 2006: 86).

Диваевтың мақаласындағы жасөспірімдер ойнаған «Қыз ойнағы» ойыны назар аударуға тұрарлық. Сырдария облысының қазақтарында жасөспірім қыз-жігіттердің арнайы күнде, таң қаларлығы, Ораза айт, Рамазан айт мерекелері кезінде жайлауда жеңгелердің қадағалауымен «Қыз ойнағының» ұйымдастырылуы қыз бен ердің инициация рәсімін, ересектер санатына өтуін білдіреді. Себебі ат үстінде қозғалып келе жатқан жас жігіттер мұнда жай күндерде еш мүмкін болмайтын қызықтан құр қалмайды, яғни өзіне тартымды саналған дене мүсініне қол жүгіртіп, сүйіп кете алады. Әсем киінген қыздар да тектен тек құшақтатып қоймай ат үстіндегілерден өзіне

тартымдысын тандайды әрі ұнамсыздан қорғану үшін қолындағы оқтау, сойыл сияқты қаруды қолданады. Бұндай кездерде жараланып, тіптен қайтыс болып кететін жігіттер де кездескен. «Қыздан үлгеннің қуны джоқ» – деп ер басына күн төленбеген, керісінше масқараға саналған (Диваев А., 1907). «Дж» деп сөйлеу шағатай тіліне тән, яғни Дешті-қыпшақ өзбектерінің тілі. Қазақтардың бір тобын құрайтын арғын, найман, қатаған рулары өзбектерде де кездеседі. Оңтүстік Тәжікстан, Өзбекстан Республикасында, тіпті солтүстік Ауғанстанда көкпар ойнайтын, домбырада орындайтын этникалық топтар өмір сүруде.

Келесі жас тобының, яғни ересектердің немесе «жылқы жасындағы» қазақтардың демалысы балалар мен жасөспірімдердің демалысымен салыстырғанда күрделенуімен ерекшеленеді. «Жылқы жасындағы» адамның уақытының көп бөлігі үйден тыс жерде, қатал ауа райы және жыртқыштармен кездесу қаупі жоғары кеңістікте өткен. Аңшылар мен малшылар қазақтың ауызша прозасын құрайтын мифтерді, ертегілерді, әңгіме-естеліктерді, эпостар мен аңыз-әңгімелерді тудырған. «Қырық қыз», «Келіншек тау» (Қазығұрт тауында), «Мамай батыр», «Қорқыт ата», «Асан қайғы», «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Жәнібек хан», «Жиренше шешен және Қарашаш ханым», «Абылай», «Исатай», «Сырым», «Ақтабан шұбырынды» т.б. аңыздарды мысалға келтіруге болады (Қасқабасов С., 2014).

С. Қондыбайдың кітабында ауыл маңында балаларға ертегі немесе әңгіме айтып, олардың назарын аударып отырған ересек адамның суреті бар. Қазақ қауымында әр адам, тіпті барлық отбасы мүшелері батырлар жырын, аңыз-әңгімелерді айта алғандығы жазылған (Қондыбай С., 2018).

Тұрмыстық мәдениетті зерттеуде ересек адамға идеалды сипаттама беруден аулақ болу маңызды. «Балауса» баспасынан шыққан еңбекте қазақтың жерде де, үстелде де ойнайтын құмар ойыны болғаны жазылған. Айналдыра иіру кезінде алшысынан түскен асық иесі қоржындағы жүлдені алған. Ересек адамдар кейде қой, қозы сияқты қомақты жүлде тігіп те ойнаған (Төтенай Б., 2013). Күнделікті мәдениетте ересектер тарапынан да әкімшілік-құқық бұзушылықтар орындалып жатады. Мұны даудың ортасында қызмет еткен әділ-қазы, би-шешендердің өмірбаяндары растайды. 1902 жылы Іле Кегенде Ресей мен Қытай шекарасы маңындағы қазақтар арасындағы дау-дамай қаралған сот отырысы-

нан кейін қазақтар ат жарысын өткізіп демалған. Осылайша ол соттың екі жаққа да тиімді шешілгені атап өтілген (Мұқаметханұлы Н., Серикқалиева А.Е., Нәбижанқызы З, 2019).

Көшпенді өмір салтында адамның есейіп, ересектер қатарына қосылып, жылқы жасы санатына көтерілуі олардың жылқы бағуымен байланысты атала салған сияқты байқалады. Бірақ бұның терең мағынасы бар. Бір ғана қыз қуу ойынынан немесе баланы ашамайға мінгізу рәсімінен-ақ көшпенділерде барлығы дерлік атқа қона алғандығын түсінуге болады. Бұл жастағы адам қауымның өмірінде белгілі бір деңгейде өз отбасы алдында жауапкершілік аркалап, қауымның қауіпсіздігіне, тыныштығына жауап берген. Жылқы жасы санаты адамның міндетті түрде биологиялық жасымен сәйкес келуі шарт емес. Мұны біз батырлар жырынан анық біле аламыз. Алпамыс, Қобыланды болсын, қандай да бір мәселе шешкен Тазша бала, Жиренше шешен, Қазыбек би т.б. кейіпкер болсын жас адам сияқты суреттелгенімен, ойлау жүйесі, іс-әрекеті әлде қашан өскендігінен хабар береді. Сондықтан, біз жылқы жасы санаты адамның рухани кемелдену жасына жеткендігін білдірген деп санаймыз. Мұндай рухани өзегі мықты адамның қауымда жоғары бағаланып, оларға жиындарда құрмет көрсетіліп, белгілі бір қауымдық мәртебе берілуі – табиғи құбылыс. Кемелдену жасына жетіп қалған жігіт өзіне ұнаған адаммен қалжыңдасып, айтысқа түсіп, күй сайысына қатысып ойын да ойнаған. Бірақ бұл ойын кішкентай бала мен жас жігіттің ойыны сияқты жеңіл ойын-сауық емес, жасы кіші болғанды өз қатарына қосып мойындағанын көрсетеді.

Кейде бір мезгілде басталып бір неше жылға созылатын ойын үлгілері болған. Мысалы, үлкен жиын-тойда, дастарқан басында отырған ер адам көптен бері көрмеген сүйіктісіне астан кейін қойдың тобығын жасыруды ұсынып, бағалы затқа (алтын жүзік т.б.) келіскен және (Қазақтар, 1998) шарт бойынша тобықты сұраушы қанша уақыт өтсе де, қай кезде сұраса да жасырған кісі тауып бере алуы керек. Егер таба алмаса сол келісілген затты айыппұл ретінде сыйға тартады.

І. Есенберлиннің 1969 жылы жарыққа шыққан «Көшпенділер» романында бала туылуына байланысты ұйымдастырылған бір ойын-сауықта Кенесарының серік батыры Наурызбай батыр Ақбөкен есімді бикешпен айтысып, кейін тобық жасыруға келіскені туралы баяндалады (Есенберлин І., 2021). Қазір мәдени кеңістікте ұмыт бола жаздаған бұл ойынды кезінде қазақ пен не-

міс баласы ойнаған. Бұл оқиға Серікжан қажы ақынның тобық жасыру ойыны туралы балладасында тартымды суреттелген (<https://qamshy.kz/article/4076-tobyq-dgasyru-oyuny-turaly-ballada#>). Тобық жасыру ойыны қазіргі уақытта бір-бірін жақсы көретін өмірлік жұптардың немесе дос адамдардың арасында ойналса, қайта жанданса, БАҚ, әлеуметтік желіде насихатталса қазіргі жеке қарым-қатынас мәдениетіндегі өзара сенімнің құндылығын, адамдар арасындағы сүйіспеншіліктің артуына белгілі бір деңгейде ықпал ете алады.

Сонымен, жылқы жасындағы адамдардың ауыз әдебиетінің сан алуан үлгілерін (мифтерден ертегілерге дейін) қалыптастырып, дамытып, отбасында рухани азық, дүниетанымдық құрал ретінде пайдаланғаны анықталды. Сонымен қатар ересек адам құмар ойнау арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтаған, халықаралық іскерлік қарым-қатынас жағдайында да ат бәйгесіне қатысып, әрі тамашалап көңіл көтерген, романтикалық қарым-қатынасты көпшілік алдында өлеңмен түспалдаған, кейде әзілдескен, некелесуді қалайтын ер жігіт пен қыз бірін-бірі сынау мақсатында тобық жасыру ойынын ойнаған. Жоғарыда айтысқа қатысқаны, жұмыс кезінде, яғни аңға шыққанда, мал жайып жүргенде ауызша проза тудырғаны, әңгімелескені, әндегіп-күй шертіп көңіл көтергені, бәйге, көкпарда бақ сынағаны жазылды.

Патша жасы немесе түйе жасындағы адамдар жылқы жасындағыларға қарағанда әлдеқайда байсалдылығымен, өздерінің өмірлік тәжірибесіне негізделген мысалдарға толы ақыл-ой байлығымен, даналығымен ерекшеленеді. Олар шығарған рухани құндылықтар (толғау, жыр, қара өлең, фәлсафалық маңызы бар өсиет пен ақылнақыл сөздер, т.б.) мәдени айналымда кеңінен қолданылған және белгілі бір тарихи кезеңдерге дейін ұлттық бірегейлікті сақтауға қызмет еткен. Барлық дерлік дәстүрлі мәдениеттерде қарт кісілер жұмыс жасауға жарамай үй маңынан ұзаққа кетуі қиындап, ойын-сауықта өнер көрсетуді тоқтатқан. Бірақ өнерді тастамаған. Қазақтарда жасы үлкендерге кез келген жолаушы амандасуға бару міндетті болған. Сондықтан қарт-қариялардың үйлеріне сал-серілер, ақын-күйшілер жиі түсіп бірнеше күн өнер көрсетіп, ауылдың адамдары мұны тамашалайтын болған. Өнерпаздар қарияларының ризашылықтарын алуға тырысқан, өйткені өмір көрген үлкендер оларға өздерінің батасын берген. Ауылдағы мұндай тарихи-мәдени оқиғадан ұлының көркемөнерді

өмірлік бағыт етіп алуын қалаған әкелер құр қалмаған. Т. Әсемқұловтың «Күй өнерінің болашағы» мақаласында өнердің дала мектебі дәстүріне 12-13 жасқа толған жас адамды әкесінің қалай тапсыратыны жазылған. Барлық дерлік халық композиторлары осы жолдан өткен. Сондықтан қарт адамдар қоғамдағы ең құрметті, маңызды адамдар саналған. Сонымен қатар қарт адам – көркем мәдениеттің тірі тасымалдаушысы ғана емес рухани ұстаз болған. Оның өмірлік тәжірибесі шәкірттің өмір жолында кездескенде шешімін оңай таба білген. Ақсақалдар қауымды басқарған. Ол кезде қоғамда ұрпақтардың өмір сүру салтында қазіргідей үлкен айырмашылық болмаған. Өмір стилінде атаның өмір жолы баланың да, немеренің де басынан өтіп, оқиғалар қайталанған. Сондықтан қоғамдағы маңызды шешімдерді ақсақалдар мен көсемдер қабылдаған. Бұл құбылыс М. Мидтің «постфигуративті мәдениет» концепциясымен түсіндіріледі (Мид М., 1998). Жоғарыдағы тобық жасыру ойынын егде жастағы кісілер де есте сақтау қабілеттерін тексеру, шынықтыру, алжасудың алдын алу мақсатында ойнаған (Нүсіпқожасұлы А., Жапарұлы Ә., 2011). Бұдан шығатын қорытынды көшпелілер өркениетінде өмір сүрген кәрі адамдар қауымнан оқшауланбаған, қартаюдан, өлімді қарсы алудан қорықпаған. Қариясы бар шаңырақта кешке ауылдың үлкендері жиналып әңгіме-дүкен құрған, терме, жыр, дастан айтысып көңіл көрген. Кей жағдайда толғаулары бірнеше тәулікке созылып ауылдың адамдары үйдің іші-сыртында жиналып тыңдаған. Осындай отырыстардың жыр-дастандарын тыңдаған жастар мен балалар өздерінің демалыс уақытында өз елінің тарихи деректері, батырлардың ерліктері, ел аралық қарым-қатынастары, халқының құндылықтары жөнінде ой түйініп, жақсы мен жаманды айыратын жағдайға жетіп, өзіндік пікірлері қалыптасқан. Бұл – көшпелі өмір сүрген қоғамда ғасырлар бойы қалыптасып XX ғ. дейін сақталған демалыс үлгілерінің ортақ сипаты.

Ата-ана мен баланың өз құрбыларынан (қоғамдағы ең үлкен адамнан емес) үйренуімен сипатталатын «бірлескен мәдениет» 20-ғасырдан басталады. Себебі көптеген қазақтар алыс-жақын шет елдерде білім алып, әскери борышын өтеп, қызметте болды. Демек, немеренің өмір жолындағы өзгерістер атаның өмір тәжірибесінде кездесе бермей, ата ықпалы әлсіреп, дәстүрлі қоғамға әлемдік мәдени-саяси, тарихи құбылыстар ықпал етіп, үлкен өзгерістер орын алған. Мұндай жағдайда егде жастағы, қарт адам өмір-

дің, саяси-әлеуметтік процестердің алдындағы өзінің дәрменсіздігін мойындап, оқшаулана бастайды. Сәбит Мұқановтың өмірбаяндық романында егде тартқан, меланхолиялы көңіл-күйде оңаша үйде отырған Ақан серіні өз көзімен көргені жазылған (Мұқанов С. Өмір мектебі, 1970).

Көшпенді адам жеке өзіне тынығатын арнайы уақыт арнаса да, топтан оқшауланбаған және жалғыз өмір сүруді елестете де алмаған. Сондықтан қазақта «адамның күні адаммен» деген мәтел қалыптасқан. Әр топтарға байланысты өнер, спорт сайыстары, ойындар мен мерекелер өткізіп демалыс мәдениетін қалыптастырған. Барлық ойындардың ережелерінің жалпы қоғамға пайдасы (рухани пайда) болғандықтан кез келген адам қатысып өз шеберлігін, өнерін көрсете алған.

Қорытынды

Бұл мақалада демалыс, бос уақыт, ойын ұғымдары туралы шетелдік, отандық зерттеулер, көшпенді қазақтардың кәсіптік мамандануы қарастырылды, Европалық түсініктегі бос уақыттың сипаты және көшпенді қазақтардың бос уақыт туралы түсініктері салыстырылды. Қазақ дәстүрлі қоғамындағы жас ерекшелік атаулары, балалық шақтан қарттыққа дейінгі демалыс, ойын-сауық түрлерінің түсіндірмесі берілді. Мысалы, тұсау кесер рәсімі, балалар күресі, баланың ит асырап онымен ойнауы, Ресей империясының зерттеушісі А. Диваев жариялаған балалар ойындары, жасөспірімдердің жыныстық тәрбиесін реттеген ойындар, жылқы жасындағылардың, яғни ересектердің құмар ойыны, күй сайысы, айтысуы, тобық жасырып ойнауы, патша, түйе жасындағылардың демалыс түрлері (бата беру, өнердің дала мектебі дәстүрі, философиялық әңгімелер т.б.) постфигуративті мәдениет концепциясы тұрғысынан сипатталды.

Зерттеу барысында дәстүрлі демалыс түрлерінің құндылығы мен қазіргі ойын-сауық индустриясының арасындағы айырмашылық анықталды. Дәстүрлі көшпенді қоғамда өмір сүрген адам кез-келген уақытта белгілі бір жағдайларға (шапқыншылық, табиғи апаттар, жабайы аңнан қорғану, ас-сусыз бірнеше күнге дейін шыдау) дайын болып, стресс-қорқыныштарын жеңіп, физикалық-моральдық дайындықтың арқасында тіршілігін сақтап қала алған. Себебі атты спорт ойындарында, үй жағдайындағы көне ойындарда адамның өзін-өзі қорғауы, денесін дұрыс ұстауы және сабырлы болуға үйрену, ойлау, тыңдау, па-

йымдау сияқты тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсаты көзделген. Көшпенділер кез келген жастағы адамның табиғи ерекшеліктеріне байланысты көшпелілік өмірге қажетті физикалық және рухани ұстанымдарын ұрпақ бойына сіңіріп дамытуға негізделген еңбек түрлерімен қатар демалыс формаларын да қалыптастырған.

«Тұсау кесер» дәстүрі қуанышты жағдайды атап өтуді ғана емес ұл мен қыздың қауымға қабылдану рәсімін де білдіреді, яғни бағыштаудың бастапқы кезеңін білдіреді. Бұл дәстүрдің мағынасы өте терең және өткізу барысында үлкендер мен балалар сауық құрып барлық туыс, әулет, ауыл болып қуанышқа бөленеді, рухани демалады.

«Орда», «Домалақ ағаш», «Тақия теппек», «Шілік» сияқты ойындар балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделу қызметін атқарған.

«Қыз ойнағы», «Қыз қашар», «Дамбал салды» сияқты ойындар жыныстық (гендерлік) тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылған. Бұл бағыштау, яғни балалар жас санатынан ересектер тобына қабылдаудың рәсімі ретінде өткізілген.

Қазақ ауызша прозасының жанрларын демалыс үлгісі ретінде аңшылар мен малшылар қалыптастырған және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып аңыз, көшпелілердің өмірлік тәжірибесі, ақыл-нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тарихи деректермен қорланып ұрпақтың білімді, парасатты, рухани биік болып тәрбиеленуін мақсат тұтқан.

Көшпелілер өркениетінде өмір сүрген адамдар кәрілікке жетсе де қартаюдан қорықпаған. Өйткені неше жасқа жетсе де қоғам өмірінен алшақталмаған, сыйлы болған. Қазақ қоғамындағы адамның қартаюдан, өлімді қарсы алудан қорқу құбылысы 20-ғасырда ғана байқала бастаған және қазір де жалғасуда.

Әдебиеттер

- Thomas S. Yukic *Fundamentals of Recreation*. New York (2nd ed.): . Harpers & Row, 1970
- Bruce C. Daniels. *Puritans at Play. Leisure and Recreation in Colonial New England* New York: St. Martin's Press, 1995
- [Электронды ресурс] Recreation “Online Etymology Dictionary” (Қаралған күні: 27.12.2023)
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас.ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2006. 6-т. – 560 б.
- [Электронды ресурс] Rest <https://dictionary/english/rest> (Қаралған күні: 27.12.2023)
- Stanley Parker, “The Sociology of Leisure: Progress and Problems,” *The British Journal of Sociology*, vol. 26, no. 1, March 1975, pp. 91-101
- Anthony Veal. “Joffre Dumazedier and the definition of leisure.” *Loisir et Société / Society and Leisure* 42 (4):1-14 42(4). (2019):1-14
- Gordon Marshall. *Leisure, sociological studies of*. A Dictionary of Sociology, Oxford: Oxford University Press, 1998
- Juliet Schor. *The Overworked American: The Unexpected Decline of Leisure*. New York :Basic Books, 1992
- Fielding Nick. *Travellers in the Great Steppe*. Oxford: Signal Books Ltd, 2020
- Джу Юп Ли Qazaqlıq и образование казахов. Государство и идентичность в постмонгольской Центральной Евразии = Qazaqlıq, or ambitious brigandage, and the formation of the qazaqs. State and Identity in Post-Mongol Central Eurasia : монография [пер. с англ. З. Муканова; науч. ред. Ж. Сабитов]. Алматы : Shon Publishing House, 2022. – 276
- Сәулебай О. Қазақтың ұсталық-зергерлік өнерінің мәдениеттану негіздері/ Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар: ғылыми мақалалар жинағы. 2-бөлім. – Алматы: 2007, – 260 б
- Жүнісұлы А. Пәниден бақиға дейін – Алматы: Жазушы, 2001, – 296 б
- Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдіт-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 б
- [Электронды ресурс] Амантай Қ Қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы, патша жасы туралы не білеміз? <https://bugin.kz/241-qozy-dgasy-qoy-dgasy-dgylqy-dgasy-patsha-dgasy-turaly-ne-bilemiz>
- Мағауин М. Тазының өлімі. – Алматы: Атамұра, 2004. – 234 б
- Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 208 б
- Диваев А. Игры киргизских детей// Туркестанские ведомости. – 1905. – № 152. – С
- Байтанұлы А. Қазақтың көне ойындарының мәні туралы не білеміз? // Дәстүр. 2019 – №2 (63), – Б. 58-59
- Диваев А. Древние игры киргизской молодежи// Туркестанские ведомости. – 1907. № 54. – С. 346
- Қасқабасов С. Таңдамалы. Бірінші том. Қазақтың халық прозасы. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б
- Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. – Алматы: Қазақ тілі баспасы, 2018. – 480 б
- Төтенай Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Балауса, 2013. – 96 б
- Мұқаметханұлы Н., Сериккалиева А.Е., Нәбижанқызы З. Қазақтың ұлттық мәдениеті және оның трансформациялануы// Дәстүр. – 2019. – №2 (63). – Б. 46-57
- Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Алматы: Қазақстан даму институты. V Т. Ата салт, 1998. – 208 б

- Есенберлин И. Көшпенділер. – Алматы: SAMGA, 2021. – 792 б
[Электронды ресурс] Қуаныш. Б. Тобық жасыру ойыны туралы баллада. <https://qamshy.kz/article/4076-tobyq-dgasyru-ouupu-turaly-ballada#> (Қаралған күні: 20.11.2023)
Мид М. Культура и мир детства – Москва: Издательство Наука, 1988. – 430 с.
Нүсіпқожасұлы А., Жапарұлы Ә. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін – Алматы: Өнер, 2011
Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы: Жазушы, 1970. – 204 б.

References

- Thomas S. Yukic. *Fundamentals of Recreation*. New York (2nd ed.): Harpers & Row, 1970.
Bruce C. Daniels. *Puritans at Play: Leisure and Recreation in Colonial New England*. New York: St. Martin's Press, 1995.
Recreation. Online Etymology Dictionary. URL: <https://www.etymonline.com/word/recreation> (10.12.2023).
Ajagan B zhane t.b. Kazakhstan.Ultik jenciklopedija, 6 tom. – Алматы: Kazakh jenciklopedijasy Bas redakcijasy, 2006. – 560 b. [Ayagan B and others *Kazakhstan. National Encyclopedia* Vol. 6– Алматы: Kazakh Encyclopedia Main Editorial Office, 2006. p. 560.] (in Kazakh)
Rest. URL: <https://dictionary.cambridge.org/ru> (27.12.2023).
Stanley Parker. *The Sociology of Leisure*. London (2nd ed.): George Allen & Unwin Ltd, 2022
Anthony Veal. “Joffre Dumazedier and the Definition of Leisure.” *Loisir et Société / Society and Leisure*, Vol. 42 (4), 2019, pp. 1–14.
Gordon Marshall. “Leisure, Sociological Studies of.” *A Dictionary of Sociology*. Oxford: Oxford University Press, 1998.
Juliet Schor. *The Overworked American: The Unexpected Decline of Leisure*. New York: Basic Books, 1992.
Nick Fielding. *Travellers in the Great Steppe*. Oxford: Signal Books Ltd, 2020.
Joo Yup Lee. Qazaqliq i obrazovanie kazahov. Gosudarstvo i identichnost' v postmongol'skoj Central'noj Evrazii per. s angl. Z. Mukanova; nauch. red. Zh. Sabitov. Almaty: Shon Publishing House, 2022, 276 s [Qazaqliq and the Formation of the Kazakhs: State and Identity in Post-Mongol Central Eurasia. Translated by Z. Mukanova and edited by Zh. Sabitov. Almaty: Shon Publishing House, 2022, p. 276.] (in Russian)
Saulebay O. «Kazakhtyn ustalyk-zergerlik onerining madeniettanu negizderi» Kazakh madenietindegi dasturler men innovacijalar: gylymi makalalar zhinagy. 2-bolim. (2007): B 206 [Saulebay O. “The Basis of Kazakh Jewelry Art” in *Traditions and Innovations in Kazakh Culture: Collection of Scientific Articles*, Vol. 2. Almaty, 2007, p. 260.] (in Kazakh)
Zhunisuly A. Paniden bakiga dejin – Almaty: Zhazushy, 2001. – 296 b [Zhunisuly A. *From Birth to Death*. Almaty: Zhazushy, 2001, p. 296.] (in Kazakh)
Kenzheahmetuly S. Kazakhtyn salt-dasturleri men adet-guryptary. – Almaty: Atamura, 2015. – 224 b [Kenzheahmetuly S. *Traditions and Customs of the Kazakh People*. Almaty: Atamura, 2015, p. 224.] (in Kazakh)
Amantaj K. Kozy zhasy, koj zhasy, zhylyky zhasy, patsha zhasy turaly ne bilemiz?. URL: <https://bugin.kz/241-qozy-dgasy-qoy-dgasy-dgylqy-dgasy-patsha-dgasy-turaly-ne-bilemiz>. karalghan uakyty: 20.08.2024 [Amanthai Q. “What Do We Know About Kozy Jas, Koy Jas, Zhylyky Jas, and Patsha Jas?” URL: <https://bugin.kz/241-qozy-dgasy-qoy-dgasy-dgylqy-dgasy-patsha-dgasy-turaly-ne-bilemiz>. viewed time: 20.08.2024]
Magauin M. Tazynyn olimi. – Almaty: Atamura, 2004. – 234 b [Magauin M. *The Death of the Tazy*. Almaty: Atamura, 2004, p. 234.] (in Kazakh)
Sayatshylyk kazakhtyn dastyrlı anshylygy. – Almaty: Almatykitap, 2007. – 208 b [Traditional Kazakh Hunting Culture. Almaty: Almatykitap, 2007, p. 208.] (in Kazakh)
Divaev A. «Igyr kirgizskih detey» *Turkestanskije vedomosti* № 152. (1905): S 33-36 [Divaev A. “Games of Kyrgyz Children,” *Turkestanskije Vedomosti*, No. 152, 1905, p. 33-36] (in Russian)
Baytanuly A. «Kazakhtyn kone oyındarynyn mani turaly ne bilemiz?» *Dastur* №2 (63). (2019): B 58-59 [Baitanuly A. “The Meaning of Ancient Kazakh Games” in *Tradition*, 2019, No. 2 (63), p. 58–59] (in Kazakh)
Divaev A. «Drevnie igrы kirgizskoj molodezhi» *Turkestanskije vedomosti* № 54. (1907): S 169-172 [Divaev A. “Ancient Games of Kyrgyz Youth,” *Turkestanskije Vedomosti*, No. 54, 1907, p. 169-172] (in Russian)
Kaskabasov S. Tandamaly. Birinshi tom. Kazakhtyn halyk prozasy. – Astana: Foliant, 2014. – 320 b [Kaskabasov S. *Selected Works: Vol. 1, Kazakh Folk Prose*. Astana: Foliant, 2014, p. 320] (in Kazakh)
Kondybay S. Bayirgy kazakh dunietanymynyn negizderi. – Almaty: Kazakh tili baspasy, 2018. – 480 b [Kondybai S. *Basics of Ancient Kazakh Worldview*. Almaty: Kazakh Tili Publishing House, 2018, p. 480] (in Kazakh)
Totenay B. Kazakhtyn ulttyk oyındary. – Almaty: Balauza, 2013. – 96 b [Totenay B. *National Games of the Kazakhs*. Almaty: Balauza, 2013, p. 96] (in Kazakh)
Mukametkhanuly N., Serikkalieva A.E., Nabizhankyzy Z. «Kazakhtyn ulttyk madenieti zhane onyn transformaciyalanuy». *Dastyр* №2 (63). (2019): B 46-57 [Muqametkhanuly N., Serikqaliyeva A., Nabizhanqyzy Z. “National Culture of the Kazakhs and Its Transformation” in *Tradition*, 2019, No. 2 (63), pp. 46–57] (in Kazakh)
Kazakhtar. Kopshilikke arналган togyz tomдық anyktamalyk. – Almaty: Kazakhstan damu instituty. V T. Ata salt, 1998. – 208 b [Kazakhs: Comprehensive Information in Nine Volumes for the Majority. Almaty: Kazakhstan Development Institute, Vol. 5, 1998, p. 208] (in Kazakh)
Esenberlin I. Koshpendiler. – Almaty: SAMGA, 2021. – 792 b [Esenberlin I. *Nomads*. Almaty: Samga, 2021, p. 792] (in Kazakh)

Kuanysh B. Tobyk zhasyru oyiny turaly ballada. URL: <https://qamshy.kz/article/4076-tobyq-dgasyru-oyyny-turaly-ballada>. karalghan uakyty: 20.10.2023 [Kuanysh B. “Ballad on the Game of Tobyk Zhasyru URL: <https://qamshy.kz/article/4076-tobyq-dgasyru-oyyny-turaly-ballada>. viewed time: 20.10.2023]

Mid M. Kul'tura i mir detstva – Moskva: Izdatel'stvo Nauka, 1988. – 430 s [Mead M. *Culture and the World of Childhood*. Moscow: Nauka, 1988, p. 430] (in Russian)

Nusipkozhasuly A., Zhaparuly A. Agash besikten zher besikke deyin. – Almaty: Oner, 2011. – 128 b [Nusipkozhasuly A., Zhaparuly A. *From the Wooden Cradle to the Grave*. Almaty: Oner, 2011, p. 128] (in Kazakh)

Mukanov S. Omir mektebi. – Almaty: Zhazushy, 1970. – 204 b [Mukanov S. *School of Life*. Almaty: Zhazushy, 1970, p. 204] (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Смағұл Хамза Жұмабекұлы (корреспондент-автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты (e-mail: khamza.smagul@bk.ru)

Жаркимбаева Дана Бактубаевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті (e-mail: dana_3691@mail.ru)

Есенова Саулеш – Калгари университеті, антропология және археология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (e-mail: sbyessen@ucalgary.ca)

Information about authors:

Khamza Smagul – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (e-mail: khamza.smagul@bk.ru)

Dana Zharkimbaeva – candidate of philosophy, senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (e-mail: dana_3691@mail.ru)

Saulesh B.Yessenova – Associate Professor of University of Calgary Department of Anthropology and Archeology (e-mail: sbyessen@ucalgary.ca)

Сведения об авторах:

Хамза Смагул – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (e-mail: khamza.smagul@bk.ru).

Дана Жаркимбаева – кандидат философских наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (e-mail: dana_3691@mail.ru).

Саулеш Б. Есенова – ассоциированный профессор кафедры антропологии и археологии Университета Калгари (e-mail: sbyessen@ucalgary.ca).

Поступила 01.07.2025

Принята 10.09.25